



SCHOOL OF
COMPUTER SCIENCE
& MATHEMATICS
KIMEP UNIVERSITY

КОМПЬЮТЕРЛІК ҒЫЛЫМДАР
ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА
ФАКУЛЬТЕТІ



Д-Р БРАЙАН Л. ДЭВИС:

- Математика ғылымдарының докторы, Миссисипи университеті.
- АҚШ-тағы жоғары оқу орындарын аккредиттеу жөніндегі ең ірі ұйым – Жоғары білім жөніндегі комиссияның рецензенті.
- 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар, соның ішінде:
 - Кафедра меңгерушісі
 - Декан
 - Бағалау және институционалдық зерттеулер бөлімінің директоры
 - Оқу ісі жөніндегі вице-президент
- Американдық ұйымдармен көптеген сәтті келісімдер, оның ішінде бірлескен дәреже алу бағдарламалары мен ынтымақтастық жөніндегі келісімдер бойынша келіссөздер жүргізеді.

ДЕКАН АЛҒЫСӨЗІ!

Құрметті КИМЭП Университетінің компьютерлік ғылымдар бағдарламасының талапкері!

Мен, КИМЭП Университетінің компьютерлік ғылымдар және математика факультетінің деканы Брайан Л. Дэвиспін. 2024 жылдың қыркүйегінде ашылғалы тұрған жаңа компьютерлік ғылымдар бакалавры бағдарламасына қош келдіңіздер!

Отыз жыл бұрын мен сіздер сияқты мектеп түлегі болған едім. Сол кезде өмірімнің бір белесінен өтіп, болашақ өмірге жасайтын қадамдарымды жоспарлаған болатынмын. Менің мансаптық жолым Солтүстік Американың Миссури штатындағы Озарк тауларында басталды. Сол кезде мен Орталық Азиядағы Тянь-Шань тауларының етегінде қызмет ету құрметіне ие боламын деп мүлдем ойламаған едім.

Бүгінгі таңда ақпаратқа, ресурстарға және алуан мүмкіндіктерге қол жетімділік халықаралық байланыстар мен технологиялық жетістіктердің қарқынды дамуының арқасында орын алып отыр, осындай заманда әрқайсыларыңыз өмірдегі ең маңызды таңдау жасау - өз болашағыңызды таңдау табалдырығында тұрсыздар. Сіздер үшін аса маңызды кезеңде КИМЭП Университетіндегі компьютерлік ғылымдар бағдарламасын таңдауға шақырамын. Университетіміз компьютерлік технологиялар саласында фундаменталды білім беріп қана қоймай, бүгінгі күнгі аумалы-төкпелі заман талаптарына тез арада бейімделіп, жеке және кәсіби жетістіктерге жету жолын ашу мүмкіндігін ұсынады.

Отыз жылдан астам уақытта КИМЭП Университеті Орталық Азияның жоғары білім саласындағы көшбасшысы ретінде танылып, заманға сай жоғары сапалы білімдік қызметтерін көрсету негізінде беделді халықаралық аккредитация мен жоғары рейтингтерге ие. Түлектеріміз түрлі техникалық салада жемісті мансап құруы үшін біздің компьютерлік ғылымдар және математика факультетінде жоғарыбілікті профессорлар, ең соңғы құралдар мен білім берудің америкалық әдістемесі үйлесін тапты. Мұнда сіз оқытушылармен тығыз, әрі белсенді байланыса отырып еліктірерлік жобаларға қатысып, оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылатын тағылымдамалар, ғылыми конкурстар мен зертханалық жұмыстарға қатысу арқылы кәсіби дағдыларыңызды дамыту мүмкіндігіне ие боласыз.

Әрқайсыңызды бірегей білімдік тәжірибе күтуде, сол себепті КИМЭП Университетінің компьютерлік ғылымдар және математика факультеті сіздердің мансаптық жетістіктерге жетуге жол ашатын заманауи білім, дағдылар мен қажетті құралдармен қамтамасыз ететіндігіне нық сенемін. Біздің кампусқа қонақ болып, бағдарлама туралы толық ақпарат алып, оқытушыларымызбен танысуға шақырамын. Сіздер үшін экскурсия жасап, факультетіміз туралы толығырақ мәлімет беретін боламыз. Компьютерлік технологиялар әлемін КИМЭП Университетімен бірге бағындырыңыз!

Брайан Л. Дэвис, PhD (Оле Мисс университеті, АҚШ)
Декан, қауымдастырылған профессор



КИМЭП УНИВЕРСИТЕТІ - ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР САЛАСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ!

КИМЭП Университеті Инженерия және технологиялар жөніндегі аккредиттеу кеңесінің (ABET) американдық стандарттарына сәйкес әзірленген жаңа Компьютерлік ғылымдар бакалавриаты бағдарламасын ұсынады. КИМЭП Университетінің ең негізгі мақсаты - инновацияға ерекше көңіл бөле отырып сапалы білім беру. Аталмыш бағдарламаның ашылуы Қазақстандағы компьютерлік ғылымдар саласының даму факторының алғышарты болып табылады.

Орталық Азия технологиялық дамудың қарқынды кезеңін бастан кешіруде, ал оның ішінде Қазақстан көшті бастап келе жатыр. Осы ретте жергілікті талантты жастарды қолдау, білім саласына инвестиция жасау және IT саласындағы бағдарламаларды әзірлеу өте маңызды міндет. КИМЭП Университеті студенттерін заманауи технологияларға оқыту арқылы оларды жемісті практикалық мансапқа дайындайды. Осылайша бағдарлама түлектеріміз жергілікті және әлемдік еңбек нарығында өз орнын тауып, халықаралық деңгейдегі оқу орындарда оқуын жалғастыру мүмкіндігін алады.

КИМЭП УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КОМПЬЮТЕРЛІК ҒЫЛЫМДАР БАҒДАРЛАМАСЫНА ТҮСУ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:

Үздік білім сапасы: Біздің факультетіміздің профессор-оқытушы құрамы қатарына батыстың алдыңғы қатарлы оқу орындарынан докторлық дәрежелерін алған танымал кәсіпқойлар кіреді. Оқу бағдарламасы Инженерия және технологиялар жөніндегі аккредиттеу кеңесінің (ABET) стандарттарына сәйкес және барлық пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі, ал бұл сіздің компьютерлік ғылымдар саласындағы мансабыңызға берік негіз беретіндігі сөзсіз.

Түрлі мамандықтар: Компьютерлік ғылымдар және математика факультеті студенттерге өз қызығушылықтарына сәйкес, яғни деректерді талдау, бағдарламалық жасақтама инженериясы немесе жасанды интеллект саласындағы оқуды таңдау мүмкіндігін береді. Осылайша олар саланың талаптарына сай дағдыларға ие болады.

Маңызды инженерлік дағдыларды дамыту: ABET стандарттарына сәйкес компьютерлік ғылымдар бағдарламасы ғылыми-математикалық әдістер арқылы сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған, ал бұл - болашақ мамандарды дәстүрлі емес ғылыми тәсілдерді қажет ететін нақты мәселелерді шешуге дайындайды.

Оқытудың заманауи материалдық-техникалық базасы: Біздің кампус заманауи оқу ғимараттарымен, өзіндік дайындалу аймақтары және алдыңғы қатарлы зерттеу зертханаларымен жабдықталған, осы арқылы студенттердің инновациялық әдіс пен практикалық даңдыларын дамытуға жетелейміз.

Динамикалық білімдік орта: Студенттерге аудиториялардан тыс шараларға, атап айтқанда, бағдарламалау бойынша жарыстар, жасанды интеллект саласындағы ойындар мен тауарлар зертханасы интернетіндегі жобаларға қатысу мүмкіндігі беріледі.

Оқуды қолдау ортасы: Оқуды басқарудың интегративті жүйесі арқылы студенттер барлық мүмкін білімдік қорларға - электронды кітаптарға, оқуды қолдаудың арнайы бағдарламаларына, сонымен қатар оқытушылар мен жоғары курс студенттерінен құралған тәлімгерлер кеңесеріне оңай қол жеткізе алады.

Кәсіби байланыстар ортасы мен пікірлестер қауымдастығы:

КИМЭП Университеті түлектерінің ауқымды ортасы мен атақты оқу орындармен серіктестік қарым-қатынастар құнды байланыс жүйесі оқу орнын бітіргеннен кейін академиялық және кәсіби өсу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Осындай байланыстар MIT сияқты аса беделді оқу орындарына жол ашады.



КОМПЬЮТЕРЛІК ҒЫЛЫМДАР БАКАЛАВРЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ

Компьютерлік ғылымдар және математика факультеті аясында ұсынылатын КИМЭП Университетінің компьютерлік ғылымдар бакалавриаты бағдарламасы студенттерге информатика саласындағы қағидалар, теориялар мен практикалық дағдылар туралы жан-жақты түсінік беру мақсатында әзірленген. АВЕТ стандарттарына негізделген оқу жоспары және практикалық сабақтар арқылы студенттер компьютерлік ғылымдардың әртүрлі салаларында, соның ішінде бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу, деректерді талдау, киберқауіпсіздік, жасанды интеллект және басқа да көптеген сала бойынша фундаменталды білім алады.



ПӘНДЕР КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Негізгі пәндер циклі

Негізгі пәндер циклі КИМЭП университетіндегі компьютерлік ғылымдар бакалавриаты бағдарламасының түптамыры болып табылады. Пәндердің аталмыш категориясы студенттерге математика, физика, химия немесе биология бойынша негізгі білім мен дағдыларды, сондай-ақ информатика саласындағы фундаменталды ұғымдарды қалыптастырады. Студенттер математикалық талдау, физика, дискреттік математика, сызықтық алгебра, статистика және ықтималдық теориясы сияқты тақырыптарды игеретін болады. Сонымен қатар, олар осы пәндерді түсіну мен практикалық қолдануды одан әрі тереңдету мақсатында практикалық тәжірибе, зертханалық сабақтар мен тағылымдамалардан өтуге мүмкіндік алады.

Элективті мамандандырылған пәндер

Негізгі бағдарламадан басқа студенттер бірқатар элективті мамандандырылған пәндер таңдай алады. Бұл пәндер компьютерлік ғылымдар ішіндегі нақты салаларды терең зерттеуді ұсына отырып, студенттерге келесі бағыттардың бірінде мамандануға мүмкіндік береді:

- 1 Деректерді талдау бойынша мамандану:** үлкен деректер жиынтығын талдауға, мағыналы қорытындылар шығаруға және деректерге негізделген шешімдер қабылдауға арналған әдістер мен құралдарды зерттеу. Курс тақырыптары деректерді табу, машиналық оқыту, деректерді визуализациялау және болжамды аналитиканы қамтиды.
- 2 Бағдарламалық жасақтама инженериясы бойынша мамандану:** бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу, жобалау, тестілеу және қолдау әдістемелерін зерттеу.
- 3 Жасанды интеллект бойынша мамандану:** машиналық оқытуды, табиғи тілді өңдеуді, компьютерлік көру мен робототехниканы зерттеу. Жасанды интеллект технологиялары салалардың қалай өзгертетінін және есептеу ғылымының болашағын қалай қалыптастыратынын білуге бағытталған.

Қорытынды жоба

Қорытынды жоба студенттердің академиялық сапарының шарықтау шегі болып табылады. Онда олар өз білімдері мен дағдыларын нақты проблеманы шешу біліктілігін көрсетеді немесе оқытушылардың жетекшілігімен ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асырады. Бұл практикалық тәжірибе студенттерге өз қабілеттерін көрсетуге, жұмысқа орналасуға дайын екендіктерін растауға және компьютерлік ғылымдар саласына құнды үлес қосуға мүмкіндік береді.



БІЗДІҢ КӨРНЕКТІ ОҚЫТУШЫЛАРЫМЫЗ:

Д-р Эльмира Хаджимани

- Алгарве Университетінің жасанды интеллект мамандығы бойынша ақпараттық инженерия саласындағы PhD докторы.
- Академиялық және практикалық салада көптеген жетістіктермен ерекшеленетін кәсіби тәжірибесі мол маман.
- Шешім сәулетшісі, машиналық оқыту инженері, деректерді өңдеу бойынша аға маман және деректер ғылымының зерттеушісі ретінде көптеген қызметтерді атқарды.
- Қаржы, технология интеграциясы және денсаулық сақтауды қоса алғанда, әртүрлі секторларда ауқымды тәжірибеге ие.
- Кәсіби қызығушылықтар қатарына инновацияларды ынталандыру, тиімділікті арттыру және студенттерді компьютерлік ғылымдардың тез өзгеретін әлеміне дайындау кіреді.

Д-р Алтынай Қадырова

- Норвегияның ғылым және технологиялар Университетінде (NTNU) компьютер ғылымдарының PhD докторы дәрежесіне, Францияның Жан-Монне Университетінің (UJM) және Испанияның Гранада Университетінің (UGR) магистр дәрежесіне ие.
- Деректерді талдауды, статистиканы және деректерді визуализациялауды жетік меңгерген.
- Бағдарламалауда, деректерді басқаруда және эксперименттер жүргізуде жоғары дәрежелі білімі бар.
- Еуропадағы, Жапония және Оңтүстік Кореядағы халықаралық компаниялар мен ғылыми мекемелерде қызмет ету тәжірибесі бар.
- Canon Production Printing Netherlands B.V., Лидс университеті және Фраунгофер компьютерлік графиканы зерттеу институты сияқты ұйымдармен жұмыс істеді.
- Айрықша қызығушылықтар қатарына технология саласындағы зерттеулер, КИМЭП Университетінде информатика және деректерді талдау саласына елеулі үлес қосу кіреді.

Д-р Әйгерім Қалыбай

- КИМЭП университетінің математика кафедрасының қауымдастырылған профессоры.
- Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің физика-математика ғылымдарының кандидаты.
- 2006 жылы Швеция Корольдік ғылым академиясының гранты бойынша Швецияның Лулеа технологиялық университетінде PhD дәрежесін алды.
- Беделді журналдардағы көптеген жарияланымдардың авторы; тақырыптары - математикалық талдау, дифференциалдық теңдеулер, интегралдық операторлар және теңсіздіктер.
- Мақсаты - информатика мен деректерді талдаудың үнемі дамып отыратын салада табысты жұмыс істеу үшін студенттерге қажетті дағдыларды үйрету.



Д-р Хамид Реза Хосравани

- Компьютерлік ғылымдар саласында қомақты академиялық және кәсіби тәжірибесі бар деректер ғылымының тәжірибелі сарапшысы.
- Алгарве университетінің жасанды интеллект мамандығы бойынша ақпараттық инженерия саласындағы PhD докторы дәрежесіне ие.
- Әртүрлі секторлардағы инновациялық шешімдерді әзірлеу бойынша көптеген жетістіктерге қол жеткізген кәсіби тәжірибелі маман
- Уақыт қатарын болжамды модельдеу, терең оқыту және деректерді талдау саласындағы сарапшы.
- Энергия тиімділігі, тұтынушылардың тәжірибесін талдау және телекоммуникация және сақтандыру салалары үшін болжамды модельдеу саласындағы маңызды жобаларды басқарды.
- Негізгі бағыты - білім беру үрдісін байыту, студенттерді информатика мен деректерді талдау саласында динамикалық зерттеуге дайындау.

Д-р Энгин Менди

- Литл-Роктағы Арканзас университетінің интеграцияланған есептеу саласындағы PhD докторы.
- Академия саласында да, практикалық салада да тәжірибесі мол.
- Каратай университетінде профессор ассистанты қызметін атқарды және Литтл-Роктағы Арканзас университетінде ғылыми-зерттеу және оқыту бойынша ассистент қызметінде жұмыс істеді.
- Компьютерлік инженерияның принциптері мен тәжірибелерін терең түсінетін маман.
- Бағдарламалауға кіріспе, алгоритмдер және бағдарламалау, сандық кескінді өңдеу сияқты түрлі саладағы пәндерді оқыту тәжірибесімен ерекшеленеді.
- Мақсаты - КИМЭП Университетінде компьютерлік ғылымдар саласының кәсіпқойлары мен ғалымдарының келесі буынын қалыптастыру.

Д-р Хамид Реза Шахбазкия

- Португалиядағы Алгарве университетінің құрметті профессоры.
- Францияның Страсбург университетінің информатика ғылымдарының PhD докторы дәрежесіне ие.
- Компьютерлік ғылымдар бойынша барлау, ресми есептеу және криптография саласында маманданады.
- Көптеген маңызды ғылыми еңбектердің авторы.
- Орталық Азия Университеті және IRD тұрақты даму жөніндегі Францияның ұлттық зерттеу институты сияқты ұйымдарда лауазымды қызметтер атқарды.
- КИМЭП университетіне компьютерлік ғылымдар бағдарламасының профессоры ретінде сарапшылық және ғылыми-зерттеу жүргізу тәжірибесімен студенттермен бөлісуде.

КИМЭП Университетімен бірге компьютерлік технологиялар әлемінде көшбасшы болыңыз!



SCHOOL OF COMPUTER SCIENCE & MATHEMATICS

KIMEP UNIVERSITY

Біздің байланыс ақпаратымыз:

КИМЭП Университеті, 050010, Қазақстан, Алматы қаласы,
Абай даңғылы 4, 103, 103А, 107 офистері

Тел: +7 (727) 270 42 13

WhatsApp: +7 707 170 42 13

Электрондық мекен-жайымыз: uao@kimep.kz

Жұмыс уақыты: дүйсенбі - жұма (09:00-ден 18:00-ға дейін)

Оқуға түсу
сауалнамасы



Тіркелу
формасы

